**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ / МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ/ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ**

**Бекітілген / Утверждено**
Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми әдістемелік кеңес отырысында / На заседании Научно-методического Совета КазНПУ им. Абая
ҒӘК төрағасы / Председатель НМС

Ректор ____________Т. Балыкбаев
Хаттама / Протокол № _1_ от «24» 08 2018 ж/г.

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ / КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН

**Мамандық бойынша / По специальности _5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті**
**2018/2019 оқу жылы/ учебный год**

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ / ИНСТИТУТ ФИЛОЛОГИИ И ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ
КАФЕДРА Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті

**Авторы: Г.М.Кенжебаева**

**Алматы, 2018**

**Мамандық/Специальность  5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті**
**Академиялық дәрежесі/Академическая степень Қазақ тілі мен әдебиеті  мамандығы бойынша білім бакалавры / Бакалавр образования по специальности**

| № п/п | Пәндер коды/ Коды дисциплины | Пәндер атауы/ Наименование дисциплины | Пәннің қысқаша мазмұны, мақсаты, негізгі тараулары, Цель изучения дисциплины, краткое содержание, основные разделы | Кредит саны/ Количество | | Семестр | Пререквизиттер/ Пререквизиты | Постреквизиттер/ Постреквизиты | Құзіреттіліктің қалыптасуы (Оқу нәтижесі) Формируемые компетенции (Ожидаемые результаты ) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **KZ** | **ECTS** | | | | |
| **1 КУРС** | | | | | | | | | |
| **1** | LKZh 1101 | Латынграфикалы қазақ жазуы/Латинографическая казахская писменность | ҚР латын харпіне көшу мәселесіне байланысты латын зерттеулерінің әдістері мен көздері Латын әліпбиі туралы. Зерттеулер. Игеру мәселелері. | **2** | **3** | **2** | Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы | Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Синтаксис. Жалпы тіл білімі. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Түркітануға кіріспе. | |
| | | Қазақ жазуының тарихы | Студенттерге жазудың шығу тарихын алғашқы бастау көзінен бастап таныстыра отырып, жазудың түрлерін, руникалық жазуды, төте жазу, латын жазуы, кирилицаға тоқтала отырып, оларды халықтың тарихымен бірлікте оқытады. Жазудың шығуы мен дамуы, адамзат қоланған жазу кезеңдері<br><br>Қазақ халқы қолданған жазулардың түрлері. Араб жазуы, латын | | | | Тіл біліміне кіріспе, Түркі филологиясына кіріспе | Тіл мәдениеті, Көне түркі тілі, Қазақ әдеби тілінің тарихы. | - жазудың шығу тарихын алғашқы бастау көзінен бастап, жазудың түрлерін, руникалық жазуды, төте жазу, латын жазуы, кирилицаны **білуі керек**;<br>- жазудың шығу тарихын, кезеңдерін, оның халық тарихымен бірлігін, жазу түрлерінің ерекшелігін, дамуы деңгейін, таралу шегін **меңгеруі керек;**<br>- Мемлекеттік тілді сүйетін, ұлттық сөз өнерін дәріптейтін, қастерлейтін, сана-сезімі жоғары азамат,патриот қалыптастыру **құзыреттілігі** болып табылады. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | графикасы, кириллица,<br><br>Орхон-Енесей жазба ескерткіштері<br>Ы.Алтырсарин әліппесі<br>А.Байтұрсынұлының төте жазуы. | | | | | | |
| **2** | ТВК 1205 | Тіл біліміне кіріспе | «Тіл біліміне кіріспе» пәнінің мақсаты білім алушыларды тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен таныстыра отырып, тілдің табиғаты, мәні, қоғамдық қызметі, тіл жүйесі мен құрылымы туралы алғашқы ғылыми теориялық түсінік беру, қазіргі тіл ғылымының негізгі зерттеу бағыттары мен салалары жайлы жалпы мәлімет қалыптастырып, тіл ғылымының жеке тараулары мен салаларына қатысты теориялық білімді оқып меңгеруге бағыттау.<br>«Тіл біліміне кіріспе» пәнінің негізгі міндеті: білім алушыларды тіл ғылымы және оның нысанымен таныстыру; тіл ғылымының өткені мен қазіргі деңгейі туралы ақпаратты шығармашылықпен игеруге баулу; ғылыми әдебиетті талдап, саралап, зерттеп оқып, өз білімін жүйелі түрде | 3 | 5 | 1 | Қазіргі қазақ тілі. Фонетика.<br>Лексикология<br>Қазақ диалектологиясы.<br>Философия.<br>Тарих.<br>Психология. | Қазіргі қазақ тілі. Морфология.<br>Синтаксис.<br>Жалпы тіл білімі.<br>Қазақ әдеби тілінің тарихы.<br>Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.<br>Түркітануға кіріспе. | «Тіл біліміне кіріспе» пәнін оқу негізінде студент:<br>- тіл білімінің негізгі зерттеу нысаны, тараулары мен салалары, оның басқа ғылым салаларымен байланысы, алатын орны туралы;<br>- қазіргі тіл білімінің негізгі бағыттары, ішкі және сыртқы лингвистика мәселелері;<br>- тілдің шығуы мен дамуы, тілдің қызметі, оның түрлері;<br>- дүниежүзі тілдерінің жіктелуі (генеалогиялық, типологиялық, ареалдық) жайлы хабардар болуы;<br>- тіл ғылымы жайлы теориялық тұжырымдарға қатысты өз ойларын айта білу, пікірлерін дәлелдей алатын болуы;<br>- сөздіктермен жұмыс жасай білулері;<br>- өз бетінше оқып, ізденуге, семинар сабақтарына белсенді түрде қатысуға үйренуі қажет.<br>«Тіл біліміне кіріспе» пәнін оқу негізінде студент:<br>- тіл және сөйлеу мәселесін ажырата білуі;<br>- тіл ғылымының әр саласы нені зерттейтінін, оның негізгі тармақтарын, терминдерін;<br>- тіл ғылымының танымал ғалымдары жайлы мол ақпараты алуы;<br>- тілдің даму заңдылықтарын анықтай алуы;<br>- негізгі тіл семьялары және түркі тілдері семьясы туралы нақты деректерді |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жетілдіруге бейімдеу. Тілдің табиғаты мен қоғамдық қызметі, оның түрлері. Тілдің таңбалық, жүйелік, құрылымдық сипаты. Фонетика, зерттеу нысаны. Фонетикалық процестер мен заңдылықтар. Тілдің лексикалық жүйесі мен құрамы. Тілдерді жіктеу мәселесі. Типологиялық жіктеме. Тілдердің генеалогиялық жіктемесі. | | | | | | меңгеруі керек. |
| | TBN 1205 | Тіл білімінің негіздері | «Тіл білімінің негіздері» пәнінің мақсаты білім алушыларды тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен таныстыру,әлем тілдерінің жүйесі мен табиғаты, мәні, қоғамдық қызметі, тіл жүйесі мен құрылымы туралы алғашқы ғылыми теориялық түсінік беру, қазіргі тіл ғылымының негізгі зерттеу бағыттары мен салалары жайлы жалпы мәлімет қалыптастырып, тіл ғылымының жеке тараулары мен салаларына қатысты теориялық білімді оқып меңгеруге бағыттау. | | | | Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. Лексикология Қазақ диалектологиясы. Философия. Тарих. Психология. | Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Синтаксис. Жалпы тіл білімі. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Түркітануға кіріспе | Пәнді оқу нәтижесінде студент:<br>-тілдің жалпы табиғатын, ойлау мен тіл арасындағы байланыстарды түсінеді;<br>- тіл ғылымындағы зерттеу бағыттарының мақсаты мен нысандарын анықтай алады;<br>- тілдегі сыртқы және ішкі факторларды, олардың тілге әсерін негіздей алады. |
| **3** | KD 1206 | Қазақ диалектологиясы | Тіл білімінің диалектілер мен сөйленістерді | 3 | 5 | 2 | Тіл біліміне кіріспе | Қазақ тілінің тарихи грамматикасы, | - диалектология ғылымының нені зерттейтінін, оның негізгі салаларын |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | зерттейтін саласы ретінде диалектология жергілікті тіл ерекшеліктерін қарастырады. Қазіргі таңда диалектологияның тіл ғылымының бір саласы болып қалыптасуымен байланысты оның маңызы артып, зерттеу шеңбері де кеңейе түсті. Зерттеу ісі халық тіліндегі ерекшеліктерді жинаумен, анықтаумен ғана тынбай, тіл тарихын жасауда да ойдағыдай рөл атқаруда. Диалектологияның қалыптасу тарихы этнографиямен де тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, диалектілік ерекшеліктер аса маңызды этнографиялық белгі болып табылады.<br>1. Диалектология туралы түсінік. Диалектілер және халық тілі, ұлт тілі, әдеби тіл.<br>2.Диалектологияның дамуы мен қалыптасуы, зерттелуі<br>3.Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктердің жалпы сипаты.<br>4.Диалектологияның теориялық негіздері<br>5. Жергілікті | | | | | .Қазақ әдеби тілінің тарихы, .Қазақ тілінің тарихы. | білуі керек,<br>- диалектология пәнінің терминдерін, диалектолог ғалымдардың ғылыми зерт теулерін меңгеруі керек<br>- мемлекеттік тілді сүйетін, қастерлейтін, сана-сезімі жоғары азамат, патриот қалыптастыру құзыреттілігі болып табылады. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ерекшеліктерді зерттеу принциптері, жинау жолдары.<br>6.Лингвистика лық география. Ареалды лингвистика | | | | | | |
| | DT 1206 | Дала тілі | Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктердің қалыптасуы мен даму тарихын, аймақтық тілдік бірліктердің экстралингвистикалық факторлармен байланыстылығын меңгертуге бағытталған. Аймақтық лексиканың дыбыстық және грамматикалық ерекшеліктерін, олардың жасалу жолдарын оқытады. | | | | Практикалық қазақ тілі<br><br>Тіл біліміне кіріспе | Жалпы тіл білімі<br><br>Ареалдық лингвистика | - Пәнді игеру нәтижесінде студент:<br>- дала тілінің әдеби нормамен арақатынасын;<br>- дала тілінің лексикалық ерекшелігі мен оның қалыптасу жолдарын;<br>- дала тілінің грамматикалық ерекшеліктерін меңгереді;<br>- аймақтық бірліктердің әдеби тілге ену жолдарын түсіндіре алады. |
| **4** | KTF 1207 | Қазақ тілінің фонетикасы/Фонетика казахского языка | Тіл дыбыстарының фонетикалық, фонологиялық табиғатын қарастыра отырып, сегментті және суперсегментті фонетиканың негізгі бірліктерін қолданымдық ерекшеліктерін меңгерту.<br>1. Сегменттік фонетика<br>2. Суперсегментті фонетика<br>3. Қазақ орфографиясы мен орфоэпиясы<br>4. Қазақ графикасы | 3 | 5 | 1 | Нормативті қазақ тілі<br>Тіл біліміне кіріспе | Лексико логия<br>Морфоло-гия<br>Стилистика<br>Тарихи грамматика | Қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық белгілерін ажырата біледі;<br>Отандық және шетелдік ғалымдардың ойларын, пікірлерін біледі; Фонема-дыбыс әріп арақатынасын түсіне біледі;<br>Графика-графема-әліпби арақатынасын түсіне біледі;<br>Дыбыстардың бір-біріне әсер ету заңдылықтарымен, дыбыстық өзгерістердің түрлерін біледі,<br>Орфографиялық принциптерді білу;<br>Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздерін фонологияға, сингармонизм заңына, әліпби теориясына табан тірей отырып, анықтауды біледі;<br>Қазақ тіліндегі орфоэпиялық нормаларды саралай біледі;<br>Сөз ағымы және оның бірліктерін саралай біледі; |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | Екпін және оның түрлерін саралай білу<br>Интонация және оның негізгі бірліктері мен компоненттерін айқындай біледі;<br>Орфоэпия және оның негізгі белгілерін түсіне біледі;<br>Қазақ тілі функционалдық стильдеріндегі мәтіндердің айтылымын;<br>Қазақ тілі фонетикасын меңгертуге арналған мультимедиалық, электронды оқу кешендерін ұтымды қолдана;<br>дыбыстық комбинаториканың қазақ сөзінің сингармонизм заңына қарай бейімдеуші механизм екенін ***игереді.*** |
| | KKTF 1207 | Қазіргі қазақ тілінің фонологиясы | Тілдің фонологиялық ерекшеліктерін және тілдің дыбыстық табиғатын зерделеуге бағытталған. Пән аясында студенттерге фонологияның дистингтивті, делимитативті және кульминативті қызметтері, тілдің дыбыстық элементтерінің айырмашылықтары мен ұқсастықтары меғгертіледі | | | | Тіл біліміне кіріспе<br><br>Практикалық қазақ тілі | Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы<br><br>Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы<br>Жалпы тіл білімі | Пәнді оқу нәтижесінде студент:<br>- тілдің дыбыстық жүйесі мен табиғатын меңгереді;<br>- әріп пен таңба арасындағы айырмалықтардың тілдік табиғатын түсіндіре алады;<br>- тілдегі дыбыстық құбылыстардың, заңдылықтарын ғылыми түрде саралай алады;<br>- суперсегментті және сегментті деңгейлердігі дыбыс табиғатын меңгереді.<br>- Фонологиялық талдауға дағдыланады |
| **5** | AK 1209 | Әдебиеттануға кіріспе | «Әдебиеттануға кіріспе» пәні әдебиет туралы ғылым және оның салаларын және оның қосымша салаларын, нақты айтқанда әдебиеттің теориясының, сынының, тарихының бастау арналарын, әрқайсысының өзіндік | 3 | 5 | 1 | Ауыз әдебиеті,<br>Тіл біліміне кіріспе,<br>Ежелгі дәуір әдебиеті | Әдебиет теориясы<br>Әдеби сын тарихы,<br>Қазақ әдебиетінің тарихы | -Әдебиет туралы ғылымның тарихын;<br>-сөз өнерінің қоғамдық функциясын;<br>-өнер түрлерінің ерекшеліктері мен халықтығын;<br>-көркем шығарманың мазмұны мен пішінін;<br>-көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын;<br>-көркем туындының сюжеттік-композициялық желісін; |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | табиғатына тән ерекшеліктерін талдап-таразылау арқылы түсіндіретін пән.<br>Бірінші бөлімде әдебиеттану ғылымының салалары, әдебиеттің сөз өнері ретіндегі табиғаты,қоғамдық сипаты, халықтығы таныстырылатын болса ал екінші бөлімде көркем шығарманың құрылысы, композициясы мен сюжеті,көркем образ және оның жасалу жолдары, тілі, өлең құрылысы, әдебиеттің тектері мен түрлері, әдеби процесс, көркемдік әдіс, әдеби бағыт-ағымдар мәселелері қамтылады. | | | | | | -көркем шығармадағы тип және типтілік мәселесін;<br>-көркем шығарманың тіл көркемдігін;<br>-әдебиеттің тектері мен түрлерін;<br>-көркемдік әдістер мен әдеби бағыт-ағымдарды оқып-үйретеді. |
| | AZ 1209 | Әдебиеттану зерттеулері | Әдебиеттанудың зерттелуі мәселесі сонау ежелгі шығыс, грек әдебиетінен бастау алады. Әдебиеттанудың теориясы, тарихы, сынын зерттеу қазіргі күнге дейін жалғасын тауып отыр. Мәселен, әдебиет теориясына қатысты көне грек ойшылдарының қағидалары әлі мәнін жойған жоқ. Осы теориялық мәселелер қазіргі әдебиеттану ғылымында маңызды. | | | | Әдебиеттануға кіріспе<br>Ежелгі әдебиет | Хандық дәуірдегі әдебеит | Білім алушы бұл пәнді оқуда көне грек ойшылдарының пікірлері мен еңбектерімен танысады;<br>Көне грек ойшылдарының  теориялық қағидаларының қазіргі күнге дейін маңыздылығын жоймағанын бағамдайды;<br>Әдебиет тарихы мәселелері мен оның зерттелуіне негіз болған еңбектермен танысады; Әдебиет сыны мен теориясы мәселелерін зерттеу объектісіне айналдырған ғалымдардың еңбектерімен танысып, шолу жасайды |
| **6** | АА | Ауыз әдебиеті | «Ауыз әдебиеті»-жоғары | 3 | 5 | 1 | Әдебиеттануға | Әдебиет | -Фольклордың ауызша сөз өнерін |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1305 | | оқу орындарында халықтық сөз өнері мұраларының жанрлық түрлерін толық қамтитын пән. Халық әдебиетінің ежелгі замандардан бастап қалыптасқан үлгілерінің тақырыптық, көркемдік сипаттары фольклортану ғылымының бұрынғы-соңғы зерттеулерінің аясында теориялық және практикалық тұрғыда жан-жақты талдана түсіндіріледі.<br>Бірінші бөлімде фольклор және фольклортану ғылымының негізгі ерекшеліктері, екінші бөлімде фольклордың жанрлық түрлері байыпталады. Бірінші бөлімде фольклортану ғылымы туралы түсінік, қазақ фольклорының даму, қалыптасу кезеңдері, екінші бөлімде тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, шешендік сөздер, ертегілер, аңыздар, эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар, айтыс, балалар фольклоры, тарихи жырлар, фольклордың зерттелу тарихы мәселелері қамтылады. | | | | кіріспе.<br><br>Тіл біліміне кіріспе.<br><br>Ежелгі дәуір әдебиеті | теориясыӘдеби сын тарихы<br>Қазақ әдебиетінің тарихы | зерттейтін ғылым саласы екендігін;<br>-фольклордың даму, қалыптасуы жөніндегі ой-пікірлерді;<br>-фольклордың көп қырлы бітімі мен синкреттілігін;<br>- ауызша туындылардағы сөздің жетекші қызметін;<br>- ауызша шығарманың туу, таралу, сақталу ерекшеліктерін;<br>- фольклордың көркемдік жүйесі, жанрлары, поэтикалық тәсілдері мен құралдарын;<br>- фольклордың зерттелу тарихын;<br>- фольклор мен жазба әдебиеттің айырмашылығын ғылыми тұрғыда танып-білетін болады. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | FT 1305 | Фольклор тану | «Фольклортану»-жоғарғы оқу орындарында халықтың ауызша сөз өнерін зерттейтін ғылым саласы ретінде фольклор тарихын, теориясын, жанрлық түрлеріне тән ерекшеліктерін жан-жақты талдап түсіндіретін пән болып табылады. | | | | Ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе<br>Ежелгі дәуір әдебиеті<br>Тіл біліміне кіріспе | Әдебиет теориясы, Әдеби сын тарихы Қазақ әдебиетінің тарихы. | -Фольклордың көп қырлы бітімі мен синкреттілігін;<br>-фольклордың халықтық сипатын;<br>-фольклор мен жазба әдебиеттің айырмашылықтарын;<br>-фольклордың өзгермелілігін;<br>-фольлордың құрылымдық-типологиялық, жүйелі талдау, кешенді-тұтастық зерттеу әдістерін;<br>-Фольклордың көркемдік-идеялық, және тегіне қарай бөліну принциптерін;<br>-фольклор жанрларының дамуындағы ортақ процестерді;<br>-фольклор шығармаларындағы эпикалық, лирикалық, драмалық белгілерді танып-білуді міндеттейді. |
| **7** | EXDA 1306 | Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті | *Қазақ халқының ата-тегі саналатын сақтар мен ғұндардың қаһармандық дастандарынан 10аста, қазақтың өзіндік төл әдебиеті қалыптасқанға дейінгі әдеби мұралар тұтас қамтылған.*<br>Ежелгі дәуір әдебиетін құрайтын ұғымдармен, категориялармен танысады, заңдылықтары бойынша пән маманына тиісті құзыреттілікті иеленеді.<br>Ежелгі әдеби туындылардың ішкі, сыртқы аспектілерін саралап, түрлі қырынан талдауды, көркемдік талаптар негізделген құзыреттілік игеріледі<br>Бірінші, YI-IX | 3 | 5 | 2 | «Әдебиеттануға кіріспе», «Халық ауыз әдебиеті», «Мәдениеттану». | Қазақстан тарихы, Қазақ әдебиеті тарихы, Антикалық әдебиет, Шығыс әдебиетінің тарихы. | *-Қазақ халқының ата-тегі саналатын сақтар мен ғұндардан бастап,төл әдебиетімізге дейінгі аралықтағы әдеби асыл мұраларды танып біледі;*<br>*- ежелгі дәуір әдебиетінің шығармалары арқылы студенттер ұлттық құндылықтарды тани отырып, сөйлеу шеберліктерін арттырады;*<br>- әрбір көркем мәтінді оқығанда ұлттық бояуын өзге әдебиеттермен салыстыра отырады;<br>- қазақ әдебиетінің түркі халықтары әдебиетімен үндестігін жан-жакты ғылыми тұрғыда білетін болады; |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ғасырлардағы көне түркі әдебиетінің ескерткіштері /«Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк жырлары», «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз-наме», Әбу Насыр әл-Фарабидың әдеби мұралары/. Екінші, X-XII ғасырлардағы әдебиет /Махмуд Қашғари. «Диуани лұғат ат-түрік»; Жүсіп Баласағұн. «Құтадғу біліг»; Ахмет Иүгінеки. «Хабатул – хакайық»; Ахмет Яссауи. «Диуани хикмат»; Сүлейман Бақырғани. «Бақырғани кітабы»/ Үшінші, XIII-XY ғ.ғ. яғни Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет /Рабғузи. « Рабғузи қиссалары»; «Кодекс Куманикус»; Хорезми. «Мухаббат-наме»; Құтб. «Хұсрау-Шырын»; Сайф Сарай. «Гүлистан бит-түрки»; Дүрбек. «Жүсіп-Зылиха»; Әбілғазы. «Шежіре-и түрік»; Қадырғали Жалайыри. «Жамиғ-ат тауарих»; Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди»; Бабыр. «Бабыр-наме». | | | | | | |
| | КА 1306 | XV-XVIII ғ. қазақ әдебиеті | XY-XYIII ғасырлардағы қазақ мемлекетінің қоғамдық әлеуметтік | | | | 1.Әдебиеттану кіріспе. 2.Халық ауыз | 1.XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы. | XY-XYIII ғасырлардағы әлеуметтік-саяси жағдайдың әдебиеттің дамуына әсерін, жыраулар поэзиясының өзіндік |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | және саяси жағдай. Қазақ мемлекетінің әлеуметтік, экономикалық және ішкі жағдайының әдебиетте көрініс табуы. XY-XYIII ғасырлардағы поэзиясының тақырыптық-идеялық ерекшеліктері. | | | | әдебиеті**.** 3.Ежелгі дәуір әдебиеті. | 2.XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. | ерекшеліктерін, толғаудың жанрлық ерекшеліктерін білуі керек; Жыраулар поэзиясының, әдебиеттің даму кезеңдерінің зерттелу тарихы жайлы шетел және қазақ ғалымдарының еңбектерімен танысып ғылыми тұжырым, қорытынды жасап, өзіндік пікір қорытуға машықтанады; Жыраулар поэзиясының үлгілерімен толық танысып толғауларға әдеби-теориялық талдаулар жасауды меңгереді. |
| **2 курс** | | | | | | | | | |
| **1** | Sam / OOT/ SK 2102 | Самопознание/ Өзін-өзі тану/ Self-knowledge | Тұлғаның әлемдегі өзін-өзі түсінуі. Педагогтың кәсіби өзін-өзі тануын және өзіндік дамуын, педагогтың өзін-өзі жетілдіруінің кезеңдерін білу. Педагогтың өзін-өзі дамытуы. | **2** | **3** | **3** | Қазақстанның қазіргі заман тарихы | Философия | Әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу барысында ғылыми талдау әдістерін қолдануды біледі, ұжыммен жұмыс істеуге, әрі өз көзқарасын қорғауға *қабілетті.* |
| | TN 2102 | Толеранттық негіздері | Толеранттылық негіздері пәні (латын тілінен аударғанда tolerantia – шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік таныту), қолайсыз әсерлердің ықпалын бастан өткізе алушылық деген мағынаны білдіреді.Қоғамда білім беру жүйесі мен тәрбие арқылы азаматтық сәйкестендіру, толеранттылықты дамыту қажеттілігі жайында сөз айтып республикамыздың мектептеріне | | | | Қазақстан тарихы | Қазақ әдеби сын тарихы | • Толеранттылыққа қарама-қарсы қайшылықтардың (интолеранттылық) адамзат тарихының барлық кезеңінде де болғанын меңгерту. • Интолеранттылық шыдамсыз, үрейлі адам, кінәні өзінен емес басқа адамнан іздейтіндердің, сондай дамдардың өмірде жиі кездесуі қоғамда түрлі проблемаларды тудыруға ықпал ететінін білуі. • Индивид пен қоғамның мәдениетінің даму деңгейінің сипаттамасы ретінде, адамның өзімен және өзгелерімен үйлесімді қатынаста өмір сүруін сипаттайтын мәселе – толеранттылық екенін мегереді. • Қоғамның еркін дамуы мен жалпы өмір сүруіне деген күреске қажетті принциптер мен құндылықтарды алға қою бүгінгі таңда толеранттылыққа |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | толеранттылық негіздері атты курстар енгізуді ұсынды.Толеранттылыққа тәрбиелеу әрбір отбасында өз бастауын алуы бүгінде басты мәселеге айналуы тиіс.Толеранттылыққа тәрбиелеу ең бірінші отбасынан басталады. | | | | | | тәрбиелеу мәселелерімен тікелей байланысты. Бала үшін отбасы бір жағынан – тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан – тәрбиелік орта екенін анықтайды. |
| **2** | BBZT/ ZhTNO / DTE 2103 | Білім берудегі цифрлық технология/ Цифровая технология в образовании/ Digital technologies in education | Білім берудегі цифрлық технология сабақта АКТ қолдануда (іс-әрекет түрлері, презентациялар) оқу материалын жауапкершілікпен, сапалы іріктеу, ақпарат алу, бағалау, сақтау, даярлау, ұсыну және алмасу мақсатында АКТ құралдары мен ғаламторды қолдану, сондай-ақ, ғаламтор қауымдастықтары арқылы кәсіби іс-әрекет саласында қарым-қатынас жасауды үйрету пәннің негізгі мақсаты болып саналады. | **3** | **5** | **4** | Ақпараттық-комуникациялық технологиялар. | Корпустық лингвистика | Ақпарат алу, бағалау, сақтау, даярлау, ұсыну және алмасу мақсатында АКТ құралдары мен ғаламторды қолдану, сондай-ақ, ғаламтор қауымдастықтары арқылы кәсіби іс-әрекет саласында қарым-қатынас жасау және оған бірлесе қатысу дағдыларын *меңгереді.*<br>Қазіргі қоғамның дамуы үшін сандық технологияның ықпал ету ерекшеліктерін, оның білім берудің орны мен рөлін, сандық білім беру технологиясының даму тенденцияларын, оларды білім беру аясында қолданудың басым бағыттарын *біледі.*<br>Сабақта АКТ қолдануда (іс-әрекет түрлері, презентациялар) оқу материалын жауапкершілікпен, сапалы іріктеуді *жүзеге асырады;*<br>Өзін-өзі жүзеге асыру, пәндік және педагогикалық білімін жетілдіру үшін қажет техникалық дағдылар мен білімі *қалыптасқан;*<br>Өзбетінше тиімді, жауапкершілікпен, рефлексивтік талдау жасау үшін оқытудың, ақпарат және оны алу көздерін қолданудың әдістемесін *жасайды*, білім алушыға арналған дискурспен қамтамасыз етеді, оқушылар арасында тілдік *жағдай жасап*, BL қазіргі білім беру моделін *қолданады*. |
| | АКТ | Ақпараттық – | Ақпараттық – | **3** | **5** | **4** | Білім берудегі | Корпустық | Ақпараттық – коммуникациялық |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2103 | коммуникациялық технология | коммуникациялық технологияны оқу – тәрбие үрдісінде қолдану оқушының өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлесі мол. | | | | цифрлық технология | лингвистика | технологияларды пайдалана отырып оқыту оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық – коммуникациялық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде *шығармашылық қабілетін дамытуға* мүмкіндік береді. |
| **3** | KKTL 2301 | Қазақ тілінің лексикологиясы | «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» пәнін оқытудың м а қ с а т ы – тіл біліміндегі қазақ тілі лексикалық жүйесінің ғылыми теориялық негіздерін меңгеру, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы студенттердің сөз байлығын жетілдіру, ой-өрісін кеңейту болып табылады.<br>Тарихи лексикология;<br>Сипаттамалы лексикология;<br>Салыстырмалы лексикология;<br>Семасеология;<br>Фразеология;<br>Этимология;<br>Лексикография. | 4 | 5 | 3 | Тіл біліміне кіріспе<br><br>Нормативті қазақ тілі<br><br>Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы<br><br>Қазақ тілінің диалектологиясы<br><br>Лингвистикалық терминдер теориясы | Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі<br><br>Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.<br><br>Қазақ тілінің синтаксисі<br><br>Когнитивтік лингвистика.<br><br>Қатысым синтаксисі.<br><br>Қазақ тілін оқыту әдістемесі. | – Лексикалық бірліктер арқылы сөз байлығын, ұлттық тілдің қуатын, әдеби тілдің нормаларын, терминдік бірліктерді, барша сөздік құрам арқылы сөз табиғатын, тілдің лексикалық болмысын, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты тіл әлемі арқылы танып-білуді;<br>– тіл білімінің лексикология саласының әр алуан аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми тұрғыда негіздеуді және лексикалық бірліктерге қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтуды;<br>– лексикалық бірліктер арқылы тіл болмысын танумен қатар, тілдің лексикалық жүйесінің ғылыми-теориялық негізін сараптауды;<br>– лексикалық бірліктердің қызметі арқылы қоғамдық-әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп, болашақ маманның сөз байлығын жетілдіріп, өзінше ой-пікір түйіндей білуді меңгеруі керек. |
| | ТМ | Тіл мәдениеті | Қазақ халқының | | | | Нормативті қазақ | Стилистика | Пәнді оқу нәтижесінде студент: |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2301 | | этикеті туралы айта отырып, оның вербалды жағы мен паралингвистикалық тұстары лингвистикалық зерттеудің ерекше объектісіне айналып отырғандығын, сондай-ақ сөз саптау кезінде этикеттік мәнге ие болатын сөздер мен сөз тіркестерін, грамматикалық тұлғаларды, олардың семантикалық-стилистикалық ерекшеліктерін оқытып, үйрету. | | | | тілі<br><br>Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы | Жалпы тіл білімі | - тілдің этикеттік нормаларын меңгереді;<br>- сөз этикетінің табиғатын түсінеді;<br>- қатысым процесі кезінде этикеттік мәнге ие тілдік бірліктерді орынды қолдануға дағдыланады |
| **4** | KTS 2302 | Қазақ тілінің сөзжасамы | ЖОО-нда келешек филолог мамандарды дайындайтын бөлімдерде қазақ тілінің сөзжасам жүйесін зерттейтін арнайы пән ретінде студенттерге терең ғылыми-теориялық білім беру мақсаты көзделеді. Тілдің сөзжасам жүйесі – қазақ тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамын сөзжасамдық заңдылықтар мен амал-тәсілдер арқылы жасалған жаңа туынды сөздермен толықтырып отыратын тілдік құбылысты жетік меңгерту. Сөзжасамның зерттеу нысаны. Сөзжасам теориясы. Туынды сөз. Уәждеме | 3 | 5 | 4 | Нормативті қазақ тілі<br>Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы<br>Қазіргі қазақ тілінің ономасиологиясы<br>Қазіргі қазақ тілінің семиосологиясы | Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі<br>Мәтін лингвистикасы<br>Қазақ тілінің синтаксисі<br>.Когнитивтік лингвистика<br>Мотивология және оның аспектілері | Пәнді оқытудастуденттердіңсөзжасам туралы теориялықбілімдерін тереңдетіп, біліктіліктерін дамытады, осы білімді игерумен қоса түсіне, зерттей және тілші-ғалымдар көзқарастарын салыстыра отырып, өз пікірлерін тұжырымдау дағдыларын қалыптастыра**ды:**<br>➢ сөзжасам пәні туынды сөздердің жүйесін, олардың жасалу жолдарын, заңдылықтарын, сөзжасамның зерттеу нысанын, сөзжасамның бірліктерін айқындай алады;<br>➢ сөзжасамның тәсілдеріне талдау жасай алады;<br>➢ сөзжасамдық мағыналарды ажырата алады;<br>➢ сөзжасамдық ұяның құрылымын талдай алуы;<br>➢ сөзжасамдық бірліктердің қолданылу дәрежесін меңгереді;<br>➢ сөзжасамдық бірліктерді практикада тиімді қолдана алады;<br>➢ сөзжасам ұғымдары туралы |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | және аталым теориясы. Сөзжасамдық тәсілдер. Сөзжасамдық мағына. Сөзжасамдық ұя. Негізгі бірліктері. Есім сөздің сөзжасамы.Зат аталым, сын аталымы. Етістік сөзжсамы. Күрделі етістік. Құранды етістік. | | | | | | теориялық білімдерін, ой-тұжырымдарын, уәждерін дәйектей біледі; |
| | LTT 2302 | Лингвистикалық терминдер теориясы | «Лингвистикалық терминдер теориясы» пәнін оқытудың **мақсаты** – студенттерді лингвистикалық терминология мәселелерімен терең таныстыру. Лингвистикалық терминологияның қалыптасу тарихы мен шығу көздерін ескере отырып, болашақ тілшілерге оның жасалу жолдары мен түзілу амал-тәсілдерін үйрету; лингвистикалық терминдерге қатысты басты ұстанымдарды меңгерту; оның қазіргі қоғамдағы, ғылымдағы алатын орны мен атқаратын қызметін саралап көрсету. | | | | Лексикология<br><br>Нормативті қазақ тілі | Когнитвтік лингвистика<br><br>Қазақ тілін оқыту әдістемесі | Пәнді оқыту **нәтижесінде** студент:<br>– лингвистикалық терминдер арқылы тіл ғылымына қатысты терминдік бірліктерді, лингвистикалық терминдер арқылы қоршаған ортаны, тілдің терминдік қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білуді;<br>– тіл білімінің лингво-терминологиялық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми тұрғыда негіздеуді және лингвотерми-нологиялық бірліктерге қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтуды;<br>– лингвистикалық терминдер арқылы тіл болмысын танумен қатар, тілдің терминдік сипатының ғылыми-теориялық негізін сараптауды;<br>– лингвистикалық терминдердің қызметі арқылы қоғамдық-әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп, болашақ маманның лингвистикалық білімін жетілдіру. |
| **5** | XIXG A 2307 | XIX ғасыр әдебиеті | Қазақ әдбиеті тарихындағы дәстүрлі ауызша авторлық поэзияның XIX ғасырдағы классикалық негіздері жүйелі | 3 | 5 | 3 | Ауыз әдебиеті.<br>Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті.<br>Қазақ хандығы дәуірі әдебиеті. | Шетел әдебиетінің тарихы.<br>XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті.<br>Әдебиет теориясы. | Ауызша дәстүрлі ақын-жыраулар поэзиясының жанрлық жүйесін тану игертіледі.Ақындар шығармаларындағы сыншыл реализм сипатын түсіну, бағалау меңгеріледі. Ақындардың лирикалық және эпикалық шығармаларының |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қамтылады.Романтизм, сыншыл реализм рухындағы зар замандық ақындар шығармашылығы жанрлық , көркемдік ерекшеліктері бойынша игертіледі.Өнер тұтастығы мазмұнындағы ақындар (әнші ақындар, сал – серілер) мұралары көркем өнер бірлігі заңдылықтары бойынша талданады.Ағартушылық –демократтық сыншыл реализм классиктерінің (хакім Абай , Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, т.б.) мұралары ғылыми – теориялық талдаулармен түсіндіріледі. XIX ғасырдағы әдеби үдеріс жүйесіндегі лирикалық, эпикалық жанрлардың поэтикалық ерекшеліктері жүйелене меңгертіледі.<br>1. XIX ғасыр әдебиеті және дәстүрлі ақындар поэзиясы<br>2. Зар заман ақындар поэзиясы және сыншыл реализм<br>3. Шортанбай Қанайұлы шығармашылығы<br>4. Ақындық мектеп және классикалық әдеби дәстүрлер тұтастығы<br>5. Өнер тұтастығындағы | | | | | | композициялық, сюжеттік, тілдік ерекшеліктерін талдау дағдылары қалыптасады.Ақындар айтыстарының ұлттық–этнографиялық, классикалық негіздері ұғындырылады. XIX ғасыр әдебиетінің әлем әдебиеті құрамындағы сыйпаты бағаланады. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дәстүрлі ақындар шығармашылығы және эпикалық дәстүр<br>6. Жаңа жазба реалистік әдебиеттің педагогикалық сипаты. | | | | | | |
| | ZS 2307 | Жазушы шеберханасы | Жазушы шеберлігінің құпиялары, әдеби шығармашылық әлемі қарастырылады. Көркем мәтінді талдаудың жолдары меңгеріледі. | | | | Қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті. | Әдебиет теориясы, Шетел әдебиеті тарихы. | - Қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиеті шығармаларының жанрларын, түрлерін **білуі керек**;<br>- Көркем шығармалардың жанрларына, түрлеріне тоқталып, олардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерін **меңгеруі керек;**<br>- Мемлекеттік тілді сүйетін, ұлттық сөз өнерін дәріптейтін, қастерлейтін, сана-сезімі жоғары азамат, патриот қалыптастыру **құзыреттілігі** болып табылады. |
| **6** | XXBA 2708 | XX ғасыр әдебиеті | XX ғасырдың алғашқы жиырма жылымен шектелетін тарихи кезеңдегі қазақ жеріндегі рухани және мәдени процестер жөнінде жан-жақты мағлұмат беру.<br>XX ғасырдың алғашқы жиырма жылымен шектелетін тарихи кезеңдегі қазақ жеріндегі рухани және мәдени процестер жөнінде жан-жақты мағлұмат беру;<br>аталған кезеңдегі тарихи оқиғалардың ұлт санасын оятуға жасаған ықпалын, әдебиеттің дамуына тигізген әсерін түсіндіру. | 4 | 5 | 4 | Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті | Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы | Ұлттық әдебиеттің XX ғасырдың басындағы даму үрдістерін тану арқылы тұтас әдебиет тарихының проблемалық мәселелерін, қоғамдық өзгерістердің ақын-жазушылардың түсінік-танымына, көзқарастарына тигізген ықпалын, әдеби жанрлардың пайда болу, қалыптасу процестерін, жалпы көркемсөз өнеріндегі дәстүр мен жалғастық мәселелерін жан-жақты әрі ғылыми негізде талдау машықтарын игеру |
| | АА 2708 | Алаш әдебиеті | XX ғасырдың басындағы ұлт | | | | XX ғасыр басындағы әдебиет | Әдебиет теориясы Сын тарихы | Ұлт зиялыларының ғылыми-публицистикалық еңбектерінің XX ғасыр |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | зиялыларының қазақ сөз өнері, оның ішінде әдебиеттану ғылымы саласындағы ғылыми-теориялық ой-пікірлерін, кәсіби көркем сынды дамытудағы сыншылдық-эстетикалық көзқарастарын қазіргі тәуелсіздік талаптары тұрғысынан қайта зерделеп, жаңаша пайымдай отырып оқыту. | | | | Шетел әдебиетінің тарихы | | басындағы қоғамдық-саяси мәселелерді таныпбілудегі, ұлттық сананы оятудағы құндылығын зерделейді;<br>XX ғасырдың басындағы жаңа әдебиет туралы тың тарихи, ғылыми мәліметтерді меңгереді;<br>XX ғасырдың басындағы әдеби айналымға түскен Алаш әдебиеті өкілдерінің шығармашылық қызметін кеңінен танысады;<br>XX ғасырдың басындағы мерзімді баспасөз беттеріндегі әдеби сын мақалалар, әдеби айтыстарды оқып, көкейіне түйеді. |
| **3-курс** | | | | | | | | | |
| **1** | KL 3201 | Корпустық лингвистика/Корпусная лингвистика/ | Пәнді оқытудың мақсаты – студенттерге мәтіннің мағыналық, құрылымдық жақтарын сандық тұрғыдан қарастыру, зерттеумен айналысатын мәтін лингвистикасы саласынан, оның нысанынан, өзіндік басты белгілерінен, тұлға-бірліктерінен теориялық тұрғыда да, практикалық жағынан да жүйелі білім беру.<br>«Корпустық лингвистикасы» пәнінің негізгі міндеттері:<br>- мәтінді құраушы тұлға-бірліктерді айқындау;<br>- мәтіннің негізгі категорияларын сипаттау;<br>- әр түрлі тілдік бірліктердің мәтіндегі | **3** | **5** | **6** | Тіл білімінің салалары | Тіл мәдениеті<br>Қазақ тілінің стилистикасы<br>Когнитивті лингвистика | Пәнді оқытудың нәтижесінде ¬ студенттерге мәтіннің мағыналық, құрылымдық жақтарын зерттеумен айналысатын корпустық лингвистикасы саласынан, оның нысанынан, өзіндік басты белгілерінен, тұлға-бірліктерінен теориялық тұрғыда да, практикалық жағынан да жүйелі білімді игереді .<br>мәтінді құраушы тұлға-бірліктерді айқындай алады;<br>мәтіннің негізгі категорияларын сипаттап талдайды;<br>әр түрлі тілдік бірліктердің мәтіндегі қолданымдық сипатын, қызметін анықтайды;<br>мәтін бөліктері арасындағы байласымды жүзеге асыратын тілдік бірліктерді зерделейді; логика-семантикалық қатынастарын анықтайды;<br>мәтін түрлерін және олардың ерекшеліктерін күрделі синтаксистік тұтастық ішінде талдайды.<br>мәтін және оның белгілері және мәтінді құраушы бірліктердің байланысу амал-тәсілдерін білуіеді; |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қолданымдық сипатын, қызметін анықтау;<br>- мәтін бөліктері арасындағы байласымды жүзеге асыратын тілдік бірліктерді анықтау; логика-семантикалық қатынастарын анықтау;<br>- мәтін түрлерін және олардың ерекшеліктерін айқындау. | | | | | | мәтін белгілерін айқындауды, мәтін түрлері, баяндау қабаттары туралы білік-дағдыларды меңгереді, сөйлеу мәдениетін меңгереді. Жазушы стилін анықтай алады. |
| | KL 3201 | Когнитивтік лингвистика | Когнитивті лингвистика пәнінің мақсаты – тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгеру, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы студенттердің ой-өрісін кеңейту. | | | | Тіл біліміне кіріспе<br>Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы (лексикологиямен байланысы)<br>Лексикология<br>Когнитивтік лингвистика – жеке ғылым саласы<br>Когнитивтік лингвистиканың зерттелу тарихы<br>Когнитивті лингвистиканың басқа ғылым салаларымен байланысы<br>Когнитизм және когнитология | Сөзжасам<br>Морфология (сөздердің мағыналық ерекшеліктері)<br>Синтаксис (сөздердің әр түрлі мағынадағы атқарар қызметі)<br>Жалпы тіл білімі<br>Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы | – когнитивті лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білуді;<br>– тіл білімінің танымдық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми тұрғыда негіздеуді және адамның таным процесіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтуды;<br>– тіл арқылы дүние болмысын танумен қатар, тілдің танымдық қызметінің ғылыми-теориялық негізін сараптауды;<br>– тілдің танымдық қызметі арқылы қоғамдық-әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп, болашақ маманның дүниетанымын жетілдіріп, өзінше ой-пікір түйіндей білуді меңгеруі керек. |
| **2** | КТАОМТ 3202 | Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы мультимедиалық технология | Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы мультимедиалық т**ехнология** ол –графика, гипермәтін, дыбыс, анимация, бейнемәліметтерді пайдалануға мүмкіндік туғызатын аппаратты- | **4** | **5** | **6** | Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе | Қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесі, Жалпы тіл білімі,<br>Қазіргі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, Әдебиет теориясы. | Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы мультимедиалық технологиясы<br>- мәтін, гарфика және видеомультипликацияны пайдалануға мүмкіндік береді, оқу процесіндегі компьютердің қолданылу саласын кеңейтеді. **Мультимедиа** - бұл әртүрлі формада берілген ақпаратты біріктіруге мүмкіндік беретін және онымен |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бағдарламалық құрал.<br>**Мультимедиа**<br>термині латын тілінің „multy” (көп) және „media” (орта) деген сөздерінің бірігуінен құралған. Сондықтан да, мультимедиалық жүйеге арналған оқулықтарды, ғылыми еңбектерді саралай келе бұл терминге „ақпараттық орта” деген мағына беруге болады. Ал, ақпараттық орта түсінігін белгілі бір ортада ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ақпаратты ұсыну мен өңдеуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған процесс деп қабылдай аламыз.<br>***Мультимедиа*** - компьютерлік графикамен, суреттермен, бейнеақпараттармен, анимациямен, мәтіндермен, жоғары сапалы дыбыстармен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін интерактивті жүйе.<br>Кез келген қарым-қатынас тілінде әртүрлі мағынада қолданылатын сөздер бар. Сол секілді „мультимедиа” сөзін де бірнеше мағынада | | | | | | интерактивті режимде жұмыс істеуге болатын компьютердің ақпараттық және программалық құралдар кешені.<br>*Мультимедианың бағдарламалық құралдары* – кез келген типті ақпаратты интерактивті режимде пайдалануға мүмкіндік беретін компьютердің бағдарламалық жабдықтары.<br>Білім алушылар қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы мультимедиалық технологияларды сабақ барысында *қолдана алады.* |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қолдана аламыз.<br>Яғни, мультимедиа –<br>· әртүрлі типті ақпараттарды өңдейтін құралдарды жасаудың, пайдаланудың тәртібін анықтайтын технология;<br>· әртүрлі типті ақпараттарды өңдеу мен ұсыну технологиясы негізінде құрылған ақпараттық ресурс;<br>· түрлі типті ақпараттарды өңдеу мен ұсынуға мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарламалық жабдық;<br>· пайдаланушыға барынша тиімді әсер ету мақсатында түрлі бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланатын ақпараттық технологиялар спектрі.<br>*Мультимедиалық технологиялар* - әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін аппараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын технологиялар (әдістер мен тәсілдер)жиынтығы.<br>*Білім берудегі мультимедиа* -<br>біріншіден, таным процесінің жоғарылауына септігін | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тигізетін, екіншіден, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын дидактикалық аппаратты-бағдарламалық құрал. | | | | | | |
| | BBI 3202 | Білім берудегі инновациялар | Қазіргі пән оқытушыларының негізгі міндеті — білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру. Жаңа нәтижеге бағытталған білім — инновациялық білім. Құзіреттілік білім беру жағдайында қоғамның мәдени, әлеуметтік, экономикалық сұранысты қанағаттандыратын, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын, теориялық білімін кез келген жағдайда өз іс-тәжірибесінде пайдалана алатын білім. Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге | **4** | **5** | **6** | Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе | Қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесі, Жалпы тіл білімі,<br>Қазіргі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, Әдебиет теориясы. | Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды *мақсат етеді.* Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту *міндеттерін көздейді.* Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға *мүмкіндік береді.* Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық *қабілетін дамытады.* |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану — біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек . | | | | | | |
| **3** | КТМ 3303 | Қазақ тілінің морфологиясы | Морфология (гректің *морпһе* – форма, тұлға және *логос* – сөз, ілім деген сөздерінен алынған, зерттейтін обьектісі – сөз) – морфема ретіндегі сөз және сөздің формалары, сөз тұлғалары білдіретін грамматикалық мағыналар туралы ілім болғандықтан, сөздерді әртүрлі белгілеріне байланысты топтарға бөліп, сол топтардың әрқайсының өзіне тән жалпы грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категория деген ұғымдар бойынша, сөздің түрленуі, өзгеру жүйелері, қызметі, | 3 | 5 | 5 | Нормативті қазақ тілі<br>Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы<br>Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы<br>Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы<br>Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі | Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі<br>Қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесі | Грамматикалық мағына мен лексикалық мағынаның арақатынасын ажырата алады;<br>Жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына және қатыстық грамматикалық мағына мәнін аша алады;<br>Негізгі грамматикалық ұғымдарды ұғынып, олардың әрқайсысының ерекшеліктерін түсініп, шегін айқындай біледі;<br>сөздің өзі морфологиялық жақтан грамматикалық мәні бар морфемалардан тұратынын және ол морфемалардың өзіндік семантикалық-грамматикалық сипаты болатынын, оған сәйкес жіктелетінін біледі, сөздерді морфологиялық құрамына талдай алады;<br>қазақ тілінде сөздерді таптасырудың негізгі қағидаттары мен басты критерийлерін меңгере отырып, сөздерді |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сөз таптарына топтастыру ұстанымдары туралы білім беруді көздейді.<br>1.Морфология және сөздің грамматикалық сипаттары.<br>2.Сөздерді таптастырудың ұстанымдары (принциптері).<br>3. Есім сөздер.<br>4. Етістік.<br>5. Үстеуші есімдер.<br>6. Шылау.<br>7.Одағай.<br>8. Модаль сөздер. | | | | | | сөз таптарына бөле біледі және әр сөз табының өзіне тән белгілерін ажырата біледі, сөз таптарының шығуы, қалыптасуы мен даму процесі туралы білімін жетілдіреді;<br>практикалық жағынан сөйлемдегі әрбір сөздің қай сөз табына жататынын, қандай грамматикалық, лексика-грамматикалық белгілері бар екенін талдап ажыратады;<br>қазіргі қазақ тілі морфологиясына қатысты жекелеген ғалымдардың зерттеу еңбектерімен танысып, оған талдау жасай алуы және ой-тұжырымдарын, уәждерін дәйектей біледі;<br>морфология курсынан алған білімдерін педагогикалық іс-тәжірибиеде және маман ретінде болашақта қажетіне қарай қолданады |
| | MZ 3303 | Морфемалар жүйесі | Курсты оқу барысында студент сөздердің тұлғалық өзгеруін, сөз және оның формалары, олардың жасалу жолдары мен тәсілдері, өзгеріске ұшыраған сөздердің түрлері, сөздің өзіне тән грамматикалық сыр-сипаты жөнінде мәлімет алады. | | | | Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. | Байтұрсынов тағылымы, Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі. | Сөздердің тұлғалық өзгеруін,олардың жасалу жолдары мен тәсілдері, өзгеріске ұшыраған сөздердің түрлері, сөздің өзіне тән грамматикалық сыр-сипаты жөнінде мәлімет алады.<br>-морфология пәні сөз және оның формалары туралы заңдылықтарды қарастыратын тіл білімінің бір саласы, тілдің грамматикалық құрылысын, грамматикалық ұғымдарды, әр сөз табының грамматикалық ерекшеліктерін білуі керек; |
| **4** | KTS 3304 | Қазақ тілінің синтаксисі | Синтаксистің салаларын, атап айтқанда, сөз және оның формаларының синтаксисін, сөз тіркесі синтаксисін, сөйлем синтакисін (жай сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлем синтаксисі), мәтін синтаксисін, пунктуация туралы теориялық білімді | 4 | 5 | 6 | Қазаргі қазақ тілінің морфологиясы | Қазақ әдеби тілінің тарихы | сөйлеу қабілетін мен дағдысын дамытады;<br>өзіндік ізденістері мен шығармашылық қабілетін жетілдіреді;<br>сөз тіркесіне, сөйлемге синтаксистік талдау жасай алады;<br>өз бетімен түрлі СӨЖ тапсырмаларын орындау арқылы білімін тереңдетеді;ъ<br>қазіргі қазақ әдеби тілінің синтаксистік жүйесін ғылымда әбден зерттеліп тұрақталған көзқарас тұрғысынан танып |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | меңгерту, синтаксистік талдау жасай білуге үйрету.<br>Сөз тіркесі синтаксисі. Жай сөйлем синтаксисі. Құрмалас сөйлем синтаксисі. Бөзде сөз, оның түрлері. Тыныс белгілері. Мәтін синтаксисі | | | | | | біледі;<br>Практикалық сабақтар мен СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын орындау арқылы түйінді (қатысымдық, танымдық, ақпараттық, мәдени, проблемалардың шешімін табу) құзіреттіліктерін жетілдіреді. |
| | ZSS 3304 | Жай сөйлем синтаксисі | Жай сөйлем синтаксисі курсының жалпы мақсаты синтаксистік байланысудың жолдары арқылы қалыптасқан сөз тіркестері мен сөйлемдердің арасындағы грамматикалық қатынастарды анықтау. | | | | Тіл біліміне кіріспе | Жалпы тіл білімі Қазақ әдеби тілінің тарихы, Стилистика | – сөйлем мүшелерінің байланысу жолдарын меңгерту;<br>– сөйлем мүшелерінің орын тәртібін анықтау;<br>– текст ішіндегі дара сөйлемдердің өзара байланысын<br>таныту;<br>синтаксистік форма, синтаксистік тұлға туралы түсінік беру;<br>жай сөйлемді құрайтын грамматикалық формаларды,<br>олардың өзара қарым – қатынасын зерттеу;<br>– жай сөйлемнің грамматикалық түрлерін анықтау;<br>– қазақ тілінің грамматикалық жүйесін тереңірек таныту; |
| **5** | ZhBBN KTOT 3209 | Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде қазақ тілін оқытудың технологиясы | Орта білім берудің жаңартылған мазмұнына көшудің алғышарттары мен ерекшеліктерін, нормативтік және құқықтық базасын оқи отыра, «Рухани Жаңғыру» және SMART қоғамдары бағдарламасының негізгі бағыттарына сәйкес білім алушыларды тәрбиелеу, оқыту мен дамытуды жүзеге асыру | 3 | 5 | 6 | Қазақ тілінің фонетикасы; Қазақ тілінің лексикологиясы, Қазақ тілінің морфологиясы, Қазақ тілінің сөзжасамы, Қазақ тілінің синтаксисі | Қазақ тілін оқыту әдістемесі | Білім берудің жаңартылған бағдарламасының ерекшілігін *біледі.*<br>Тіл саласынан білім берудің теориялық негіздері жөніндегі білім мен технологияларын қолдануға *қабілетті.*<br>Бейнелі және логикалық ойлауды дамыту, мектеп оқушыларының пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру әдістерін *меңгереді,* білім алуға және алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға қызығушылықтарын қалыптастыру тәсілдерін *игереді.*<br>Оқыту, білім беру және оқушылардың мінез-құлқын басқару стратегияларының |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қажеттілігін *түсінеді, ұғынады.* | | | | | | кең көлемін *игереді,* нақты оқушы үшін оңтайлы стратегия түрін *қолдана алады.* Нақты білім алушының және сыныптың оқу үдерісіндегі жетістіктерін критериалды бағалаудың түрлі стратегияларын *пайдаланады.* Критериалды бағалау технологиясы бойынша білімінің негізінде оқушылардың жетістіктерін диагностикалау, талдау және бағалау, түзетуді *қолданады.* |
| | KTDO 3209 | Қазақ тілін деңгейлеп оқыту | Пәнді оқытудың негізгі мақсаты – тіл білімінің салаларын деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың ұтымды жолдарын, әдіс-тәсілдерін ұсыну; деңгейлік тапсырмалардың өзіне тән белгілерімен, түрлерімен таныстыру, әр деңгейде орындалатын тапсырмалардың мақсатын анықтау; қазақ тілінің жүйелерін деңгейлік тапсырманың түрлеріне топтастырудың жолдарын меңгерту; әр оқушының жеке қасиетін аша отырып, оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқытуға бағыт беру; қазіргі таңдағы жаңа оқыту технологияларының мақсат-міндетін түсіндіру; қазақ тілі | | | | Практикалық қазақ тілі. Тілдік қатынас. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы Психология. Жас ерекшелігі психологиясы. Педагогика. | Қазақ тілін оқыту әдістемесі Жалпы тіл білімі Қазақ әдеби тілінің тарихы Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы Синтаксис Қатысымдық-танымдық әдіс | Пәнді оқыту нәтижесінде студент: қазақ тілінің құрылымдық жүйесін; құрылымдық жүйеге қатысты деңгейлік тапсырмалардың негізгі ерекшеліктерін; фонетиканы (оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік, шығармашылық), лексиканы (оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік, шығармашылық), морфологияны (оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік, шығармашылық), синтаксисті (оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік, шығармашылық) деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытуды; осының негізінде студент өз ойын анық, сауатты жеткізе білуді; әдеби тілде мәдениетті сөйлеуді; сауатты жазуды; жаңа технологияның қажеттілігін; олардың айырмашылықтарын; баланың білімін жетілдірудегі қызметінің ерекшелігін меңгереді. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | әдістемесінде қолданысқа енгізіліп жатқан жаңа технологияның ерекшеліктерін студенттерге түсіндіру; студенттердің қазақ тілінен алған білімдерін жүйеге келтіру.<br>«Қазақ тілін деңгейлеп оқыту» пәнінің негізгі міндеттері:<br>• қазақ тілінің салаларын деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау;<br>• жаңа технологияның бірі деңгейлік тапсырмалардың мәні мен мазмұнын ашу;<br>• қазақ тілінің салаларын деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың ұтымды жорлдарын көрсету;<br>• оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік, шығармашылық деңгейлердің қазақ тілінің жүйесін оқытудағы ерекшеліктерін, ұтымдылығын айқындау;<br>• қазақ тілінің салаларын деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытуда тапсырманың | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | түрлерін анықтау, оны қолдану. | | | | | | |
| **6** | ZhBBN KAOT 3210 | Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде қазақ әдебиетін оқытудың технологиясы | | 3 | 5 | 6 | Ауыз әдебиеті, Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті, XIX ғасыр әдебиеті, XX ғасыр әдебиеті. | Қазіргі қазақ әдебиеті, Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі | Білім берудің жаңартылған бағдарламасының ерекшілігін *біледі.*<br>Әдебиет саласынан білім берудің теориялық негіздері жөніндегі білім мен технологияларын қолдануға *қабілетті.*<br>Бейнелі және логикалық ойлауды дамыту, мектеп оқушыларының пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру әдістерін *меңгереді,* білім алуға және алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға қызығушылықтарын қалыптастыру тәсілдерін *игереді.*<br>Оқыту, білім беру және оқушылардың мінез-құлқын басқару стратегияларының кең көлемін *игереді,* нақты оқушы үшін оңтайлы стратегия түрін *қолдана алады.*<br>Нақты білім алушының және сыныптың оқу үдерісіндегі жетістіктерін критериалды бағалаудың түрлі стратегияларын *пайдаланады.*<br>Критериалды бағалау технологиясы бойынша білімінің негізінде оқушылардың жетістіктерін диагностикалау, талдау және бағалау, түзетуді *қолданады.* |
| | KADO 3210 | Қазақ әдебиетін деңгейлеп оқыту | Пәнді оқытудың негізгі мақсаты – қазақ әдебиетінің салаларын деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың ұтымды жолдарын, әдіс-тәсілдерін ұсыну; деңгейлік тапсырмалардың өзіне тән белгілерімен, түрлерімен таныстыру, әр деңгейде | | | | Ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе, Психология. Жас ерекшелігі психологиясы. Педагогика. | Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Әдебиет теориясы. | Пәнді оқыту нәтижесінде студент: қазақ әдебиетінің құрылымдық жүйесін; құрылымдық жүйеге қатысты деңгейлік тапсырмалардың негізгі ерекшеліктерін; әдеби мәтіннің (оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік, шығармашылық), жанрдың (оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік, шығармашылық), әдеби сынның (оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік, шығармашылық), әдебиет теориясының (оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік, шығармашылық) деңгейлік тапсырмалар |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | орындалатын тапсырмалардың мақсатын анықтау; қазақ әдебиетінің жүйелерін деңгейлік тапсырманың түрлеріне топтастырудың жолдарын меңгерту; әр оқушының жеке қасиетін аша отырып, оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқытуға бағыт беру; қазіргі таңдағы жаңа оқыту технологияларының мақсат-міндетін түсіндіру; қазақ әдебиеті әдістемесінде қолданысқа енгізіліп жатқан жаңа технологияның ерекшеліктерін студенттерге түсіндіру; студенттердің қазақ әдебиетінен алған білімдерін жүйеге келтіру.<br>«Қазақ әдебиетін деңгейлеп оқыту» пәнінің негізгі міндеттері:<br>• қазақ әдебиеті салаларын деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау;<br>• жаңа технологияның бірі деңгейлік тапсырмалардың мәні | | | | | | арқылы оқытуды; осының негізінде студент өз ойын анық, сауатты жеткізе білуді; әдеби тілде мәдениетті сөйлеуді; сауатты жазуды; жаңа технологияның қажеттілігін; олардың айырмашылықтарын; баланың білімін жетілдірудегі қызметінің ерекшелігін меңгереді. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мен мазмұнын ашу;<br>• қазақ әдебиетінің салаларын деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың ұтымды жорлдарын көрсету;<br>• оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік, шығармашылық деңгейлердің қазақ әдебиетінің жүйесін оқытудағы ерекшеліктерін, ұтымдылығын айқындау;<br>• қазақ әдебиетінің салаларын деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытуда тапсырманың түрлерін анықтау, оны қолдану. | | | | | | |
| **7** | KTS 3211 | Қазақ тілінің стилистикасы | «Қазақ тілінің стилистикасы» пәнін оқытудың мақсаты - қазақ тілінің стилистикалық жүйесін, тілді стиль түрлеріне сай қолданудың өзіндік заңдылықтары мен ерекшеліктерін меңгерту.<br>«Қазақ тілінің стилистикасы» пәнін оқытудың міндеттері:<br>- тіл білімі салаларындағы стилистиканың маңызы, өзіндік ерекшелігі;<br>- тіл және сөз стилистикаларын | 3 | 5 | 5 | Қазақ тілінің фонетикасы пәні– қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстар жүйесі<br>Қазақ тілінің лексикологиясы<br>пәні – сөздің тура, ауыспалы, қосымша мағыналары және олардың жасалуы<br>Қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесі пәні – сөзжасамдық тәсілдер<br>Қазақ тілінің морфологиясы пәні – сөз таптары және олардың лексика- | «Тіл мәдениеті»<br>«Көркем мәтінді лингвистикалық талдау»<br>«Қазақ әдеби тілінің тарихы»<br>«Когнитивті лингвистика» | Қазақ тіліндегі сөйлеу және кітаби стиль түрлері, синонимдерді орынды қолдану, қате ассоциация кесірінен стильден ауытқу, эвфемистік қолданыстар, анахронизм, алогизм, ұғымдарды ажырата алмаушылықтан туатын қате түрлері, сөз мағынасының тар және кең түрлерін ажырата және қолдана білу, сөздердің тек түр атауларын айыра білуді үйреніп шығуы тиіс;<br>Стилистикалық мағына түрлері: бейтарап мағына, эмоционалды- экспрессивті мағына түрлерін ажыратуды мәтіндер арқылы жаттығып, түсінігін кеңейту керек;<br>Лексикалық тіркесімділікті бұзу – стилистикалық тәсіл және тілдік қате дегендерді, тілдік жетімсіздік (недостаточность) алогизмді, ұғымдарды |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | зерттеудің жаңа бағыттары;<br>- стилистика ғылымының категориялары мен ұғымдары;<br>- функционалды стиль мәселесі туралы көзқарастар;<br>- функционалды стильдердің топтастырылуы, олардың ерекшеліктер мен жанрлық сипаты;<br>- тілдік тұлға-бірліктердің стилистикалық қызметі;<br>- автордың дара стилі мәселесі;<br>- стилистикалық талдаудың жолдары мен амал-тәсілдері туралы ғылыми-теориялық білім беру және стильдік талдау дағдыларын және қатысымдық біліктіліктерін жетілдіру.<br>4 Қазақ тілі стилистикасының зерттеу нысаны. Пәннің мақсаты мен міндеттері, өзектілігі.<br><br>Зерттеу әдіс-тәсілдері. Қоғамдық сана және тіл. Стилистиканың тіл білімі салаларымен байланысы.<br>2 Стилистиканың негізгі ұғым категориялары. Қазақ стилистикасының зерттелуі. | | | | грамматикалық сипаты<br>Қазақ тілінің синтаксисі пәні – сөз тіркесі, сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық | | шатастыруды, комизм тудыратынын, абсурдтылыққа әкеп соқтыратынын білуі, эллипсиспен тілдік жетімсіздікті шатастырмауды үйренуі, эллипсистің экспресссивтілігін түсінуі қажет;<br>Сөздің стильдік бояуы. Лексиканың функционалды-стильдік түрлері. Сөздің эмоционалды-экспрессивті бояуы туралы түсінік алуы тиіс;<br>Канцеляризм мен тілдік штамптар. Жаңа сөздер. Көркем және шаршысөздердегі жаңа сөздер. Кірме сөздердің стильдік қызметі. Кірме сөздердің стильдік классификациясы. Кірме сөздердің көркемсөз мәтіндердегі қолданысы жайынан білім қорын толықтыруы тиіс;<br>Фразеологизмдердің қолданыстағы ерекшеліктері. Фразеологизмдердің стильдік бояуы. Олардың синонимдігі, антонимдігі, көпмағыналылығы, омонимдігі, мәтіндердегі қолданысы. Жазушылардың жаңашылдығы, мағыналарының өзгеруі, қателіктер, контаминациялануы жайлы білім алуы қажет;<br>Фоника, фонетикалық стилистика. Стилистикалық мағынасы бар, фонетикалық тәсілдер. Қазақ тіліндегі дыбыстардың эстетикалық реңкі. Сөздегі дыбыстар жиілігі. Сөз ұзындығы. Сөздің орташа ұзындығынан ауытқуды жөндеу тәсілдері. Дыбыс үйлесімділігінің, әуезділігінің мәні (благозвучия). Бейүйлесімділікті жөндеудің жолдары. Дыбыстаудағы мәнерлілікті күшейтудің тәсілдері. Аллитерация, ассонанс. Дыбысбейнелеуіш. Дыбыстың мәтіндегі қызметі: экспрессивті-эмоционалды қызметі, мағыналық қызметі. Қате рифмдер туралы білімі болуы керек. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 3 Сөйлеу стилі. Ауезекі сөйлеу стилінің әлеуметтік-прагматикалық жүйесі (тұрмыстық сана қалыптастырушы сөз стильдері). Ауызша және ауызекі сөйлеу стилі.<br>4 Ауызша сөйлеу стилінің тілдік құралдары. Фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, синтаксистік ерекшелігі. Публицистикалық стиль. Қоғамдық сана қалыптастырушы стиль жанрлары.<br>5 Ерекшелігі, тілдік құралдары. Публицистикалық стильдегі лексикалық-фразеологиялық құрылымдар. Публицистикалық стильдің сөз бедерлеу формалары<br>6 БАҚ және сөз стилі: БАҚ тілінің лингвоэкологиясы.<br>2-модуль: 7 Функционалды стилистикасы.<br>Қазақ тілінің стилистикасы және ресми, ғылыми сөз жүйесі<br>8 Поэтикалық сөз стилі: проза, поэзия, драма, | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | очерк, эссе, т.б. (Эстетикалық сана қалыптастырушы жанрлар)<br>9 Тілдік және мәдени кодты ашу. Көркемсөздегі бейкодтау стилистикасы.<br>10 Ғылыми стиль ерекшелігі. Ғылыми сана қалыптастырушы стиль формалары)<br>11 Ғылыми стиль: академиялық жанрлар стилі<br>Іскери сөз стилінің жанрлары. Ресми сана қалыптаструшы факторлар.<br>Дипломатиялық стиль түрі<br>12 Функционалды стильдің даму жолдары. | | | | | | |
| | KSN 3211 | Қазақ стилистика негіздері | Пән қазақ тіліндегі стиль ұғымымен байланысты тілдік білімді меңгертуге бағытталған. Пән барысында қазақ стилистикасының өзіндік ерекшеліктері мен қалыптасу, даму жолдары мен кезеңдері сөз болады | | | | Практикалық қазақ тілі<br><br>Қазақ тілінің лексикологиясы<br><br>Қазақ тілінің фонетикасы | Тіл мәдениеті<br><br>Сөз этикеті | Пәнді игеру нәтижесінде студент:<br>- Стиль ұғымының лингистикадағы қолданыс ерекшелігін;<br>- Стильдік боулардың қолданысын<br>- Функционалдық стильдердің тілдік табиғатын меңгереді. |
| **4-курс** | | | | | | | | | |
| **1** | КТОІВ В 4203 | Қазақ тілін оқытуда инклюзивті білім беру | Қазақ тілін оқытуда инклюзивті білім беруде олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.<br>Инклюзивтік білім беру - | **3** | **5** | **7** | Өзін-өзі тану, Толеранттық негіздері, Тіл біліміне кіріспе | Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы,<br>Қазақ тілінің лексикологиясы,<br>Сөз этикеті, Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы | Қазақ тілін оқытуда инклюзивті білім беру – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Қазақ тілінен мәтіндермен жұмыс жасау арқылы психологиялық ахуалды негізге алып түрлі жұмыстар жүргізіледі. Сол арқылы баланың қабілетін ашу көзделеді. | | | | | Синтаксис | қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге *талпынады.* Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың *жағдайлары өзгереді.*<br>Тілдік бірліктерді баланың ерекшелігіне қарай оқыту пәнге деген қызығушылығын тудырып, пәндік білімін *қалыптастырады.* |
| | ТВРТ 4203 | Тілдік бірліктерді практикалық талдауда инклюзивті білім беру | Тілдік бірліктерді практикалық талдау пәнінің мақсаты- негізгі мақсаты мектеп бағдарламасы көлемінде қазақ тілінен алған білім, білік дәрежелерін бір жүйеге келтіріп, тиянақтау. Алда өтілетін | | | | Тіл біліміне кіріспе, Түркі филологиясына кіріспе | Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы,<br>Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы,<br>Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы,<br>Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі | Қазақ тілінің негізгі құрылымдық жүйесін фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін; Қазақ тілін грамматикалық заңдылықтарға сәйкес жаза және оқи, тиянақты түрде сөйлей біледі;<br>Өз ойын еркін шешен түрде жеткізе алады;<br>Әдеби тілде мәдениетті сөйлеуге |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қазіргі қазақ тілінің теориялық курсын нәтижелі оқуға, меңгеруге даярлау. Студенттердің сөздік қорын байыту. Мақал-мәтел, фразеологизмдерді, сөз мағынасын еркін меңгеруге баулу. Сөз тіркесі, сөйлем қолданыстарын мәтінде дұрыс түсініп, игере білуге, сауатты жазуға, әдеби тілде сөйлей білуге дағдыландыру | | | | | | дағдыланады;<br>Сөйлемге сатылай кешенді талдау жүргізуді меңгереді. |
| **2** | КАОІВ В 4204 | Қазақ әдебиетін оқытуда инклюзивті білім беру | Қазақ әдебиетін оқытуда инклюзивті білім беруде олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.<br>Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне | **3** | **5** | **7** | Өзін-өзі тану, Толеранттық негіздері, Ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе | Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы | Қазақ әдебиетін оқытуда инклюзивті білім беру – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге *талпынады.* Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың *жағдайлары өзгереді.*<br>Көркем шығармаларды баланың ерекшелігіне қарай оқыту пәнге деген қызығушылығын тудырып, пәндік білімін *қалыптастырады.* |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Қазақ әдебиетінен көркем мәтіндермен жұмыс жасау арқылы психологиялық ахуалды негізге алып түрлі жұмыстар жүргізіледі. Сол арқылы баланың қабілетін ашу көзделеді. | | | | | | |
| | BAOIB B 4204 | Балалар әдебиетін оқытуда инклюзивті білім беру | Балалар әдебиеті – жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытатын, оларды адамгершілікке, үлкен істерге тәрбиелейтін өмір оқулығы. Сондықтан «Балалар әдебиеті» жоғары оқу орнында жеке пән ретінде оқытудың мән-маңызы зор. Балалар әдебиеті – сөз өнерінің жеке бір өзекті саласы. Балаларға арналып жазылатын шығармалардың жасөспірімдердің ой-өрісін, сана-сезімін дамыта отырып, оларға заман талабына сай тәлім-тәрбие беруге бағытталатындығы осы пәннің айрықша ерекшелігі. | | | | Әдебиеттануға кіріспе<br>Қазақ халық ауыз әдебиеті (балалар фольклоры)<br>Педагогика<br>(тәрбие теориясы Қазақ этнопедагогикасы) | Қазақ әдебиеті тарихы Сын тарихы (балалар әдебиеті жөніндегі сын мақалалар мен зерттеулер Әдебиет теориясы) | 1.Балалар фольклорын және әр кезеңдегі балалар әдебиеті туындыларындағы тақырыптық- мазмұндық, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін, ,шығармадағы өмір көріністерін бала психологиясына лайықты суреттеу дәстүрін, балалар әдебиеті жөнінде жазылған еңбектердегі ой-тұжырымдарды дәйектей білуі керек;<br>2.Балаларға арналып жазылған шығармалардың жанрлық түрлерін ажырата алуы;<br>3.Балалар әдебиеті халқымыздың рухани мұраларымен, әлем әдебиетімен үндестік қырларын саралай, салыстыра, талдай алуы керек. |
| **3** | ZhTB | Жалпы тіл білімі | - тіл туралы | 3 | 5 | 7 | Тіл біліміне кіріспе. | Этнолингвистика. | - жалпы тіл білімінің анықтамасын, |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 4208 | | ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен, алда тұрған міндеттерінен, шешілген және әлі шешілмеген проблемаларынан жан-жақты мәлімет беру;<br>- тіл білімінің даму тарихында қолданылған, қазір қолданылып жүрген және жаңадан туа бастаған арнаулы әдістер мен әдістемелердің сырларын ашып беру;<br>- тіл білімінің басқа қоғамдық, жаратылыстану және техникалық ғылымдар ішінде алатын орнын, олармен байланысын айқындау;<br>- тіл білімін дамытуға өз үлестерін қосқан ғалымдармен, тіл білімі мектептерімен таныстыру. Жалпы тіл білімінің зерттеу нысаны, Ежелгі заман лингвистикасы.Көне Қытайдағы тіл білімі. Көне Грециядағы тіл білімі. Көне Римдегі тіл білімі. Арменя тіл білімі. Ирандағы тіл білімі және парсы лексикографиясы. Жапониядағы тіл білімі. Түркі тілдерінің зерттеле бастауы. XX ғасыр лингвистикасы<br>Тіл біліміндегі әлеуметтік бағыт | | | | Қазақ тілінің семантикасы. | Психолингвистика. Социолингвистика. | тіл теориясының мән-мағынасы мен негізгі проблемаларын (тілдің табиғаты, тіл мен сөйлеу, тіл мен ойлау проблемаларын, тілдің таңбалық, жүйелік, құрылымдық сипаттарын, тілдің даму заңдылықтарын), Тіл білімі тарихының қамту объектісін, тіл білімі тарихын дәуірге бөлу проблемасын, тілді зерттеудің лингвистикалық негізгі әдіс-тәсілдерін білуі керек;<br>- жалпы тіл білімінің қарауына жататын негізгі нысандарды және олардың мән-мазмұнын (тілге дұрыс анықтама берудің теориялық мәнін, тіл табиғаты мен мәнін ашуда болған ғылымдағы пікір қайшылықтарын, тіл білімі тарихында өмір сүрген лингвистикалық бағыттар мен мектептердің қалыптасу себептерін, тіл білімі тарихындағы негізгі кезеңдеріне тән ортақ сипатты және тіл білімі ғылымы дамуындағы олардың ерекшеліктерін **меңгеруі** керек. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | «Сөздер мен заттар» бағыты. Тіл біліміндегі эстетизм бағыты Прага лингвистикалық мектебі. Копенгаген лингвистикалык, мектебі. АҚШ-тағы структуралық мектеп Лондон структуралық мектебі Поэтикалық тіл теориясын зерттеу қоғамы (ОПОЯЗ). «Тіл туралы жаңа ілім» бағыты. Фонологиялық мектептер бастауы. | | | | | | |
| | TBZT 4208 | Тіл білімінің жалпы теориясы | Пән тіл біліміндегі мектептер мен бағыттарды, олардың өкілдері туралы теориялық мәлімет беруге бағытталған. Тіл білімі салаларындағы бағыттар қалыптастырған зерттеу жұмыстарының ішкі ерекшеліктері мен тілді зерттеудегі ұстанымдары қарастырылады. | | | | Тіл біліміне кіріспе. Қазақ тілінің семантикасы. | Этнолингвистика. Психолингвистика. Социолингвистика. | -тіл теориясының мән-мағынасы мен негізгі проблемаларын (тілдің табиғаты, тіл мен сөйлеу, тіл мен ойлау проблемаларын, тілдің таңбалық, жүйелік, құрылымдық сипаттарын, тілдің даму заңдылықтарын), Тіл білімі тарихының қамту объектісін, тіл білімі тарихын дәуірге бөлу проблемасын, тілді зерттеудің лингвистикалық негізгі әдіс-тәсілдерін білуі керек;<br>- жалпы тіл білімінің қарауына жататын негізгі нысандарды және олардың мән-мазмұнын (тілге дұрыс анықтама берудің теориялық мәнін, тіл табиғаты мен мәнін ашуда болған ғылымдағы пікір қайшылықтарын, тіл білімі тарихында өмір сүрген лингвистикалық бағыттар мен мектептердің қалыптасу себептерін, тіл білімі тарихындағы негізгі кезеңдеріне тән ортақ сипатты және тіл білімі ғылымы дамуындағы олардың ерекшеліктерін **меңгеруі** керек. |
| **4** | KTTG | Қазақ тілінің тарихи | Бүгінгі тілдің | 3 | 5 | 7 | Қазақ | Қазақ тілінің | Сөздердің этимологиясын, |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 4310 | грамматикасы | фонетикалық, грамматикалық құрылымының осы күйге жету жолын, эволюциясын тарихи-салыстырма әдіс негізінде түсіндіру болып табылады. «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» пәнінің негізгі *міндеттері*: тарихи грамматика курсы зерттеу көздеріне сүйеніп, сөздердің грамматикалық кластарға жіктелу тарихын, жеке грамматикалық категориялардың қалыптасу эволюциясын, дыбыстар жүйесінде болған тарихи өзгерістерді, олардың тілдік лексикалық қорына, грамматикалық құрылымына әсерін түсіндіру.Тарихи фонетика, тарихи морфология, тарихи лексикология, тарихи синтаксис, тарихи сөзжасам салалары. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша жазылған ескерткіштер тілін тікелей зерттеген зерттеушілер | | | | диалектологиясы. Қазақ тілінің тарихы. Көне түркі тілі. | стилистикасы . Жалпы тіл білімі. | дыбыстардың тарихи өзгерісін, грамматикалық тұлғалардың қалыптасу тарихын, сөз тіркесі мен сөйлемдердің даму сипатын ***білуі керек*****;** тарихи грамматика материал беретін зерттеу көздерін салыстыра талдап, бүгінгі тіліміздің қол жеткізген жетістіктерін тарихи тұрғыдан ***меңгеруі керек.*** |
| | TGM 4310 | Тарихи грамматика мәселелері | Қазақ тілінің тарихына қатысты тайпалық одақ тілі мен түркі халықтарының | | | | Тіл біліміне кіріспе | Қазақ тілінің тарихи грамматикасы, Қазақ әдеби тілінің тарихы, Қазақ тілінің тарихы. | - Қазақ тілінің жеке аймақтардағы говорлық өзгешеліктерін білуі керек;<br>- жалпы әдеби тіл қорындағы қолданыстардың ерекшеліктерін меңгеруі |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тарихында белгілі қағанаттардың ресми тілі дәрежесіне көтерілген көне түркі тілі мен орта ғасыр түркі тілдері жайлы мағлұмат беру, қазақ тілінің тарихи тамыры өте көне дәуірлерге кететіндігін дәлелдеу. | | | | | | керек;<br>- Мемлекеттік тілді сүйетін, қастерлейтін, сана-сезімі жоғары азамат,патриот қалыптастыру құзыреттілігі болып табылады. |
| **5** | АТ 4208 | Әдебиет теориясы | «Әдебиет теориясы» пәні әдебиеттің түрлі кезеңдердегі тарихынан жан-жақты хабардар ететін,студенттердің білімін жаңа теоиялық ұғымдармен толықтыратын сол арқылы өнер мен әдебиеттің өзекті теориялық мәселелерін қазіргі ғылымның озық жетістіктері негізінде жан-жақты, тарихи тұрғыдан қарастыратын курс болып саналады.<br>«Әдебиет теориясы» пәнінің мақсаты мен міндеттері:<br>Пәннің мақсаты: Әдебиет теориясы пәні бойынша студенттердің көркемдік-эстетикалық білімін жетілдіру және пәннің ғылыми-теориялық негіздерін, оны зерттеудің жаңа бағыттарын таныту, осы саладағы ғылыми тұжырымдарды саралауға, өздерінің | 3 | 5 | 7 | Әдебиеттануға кіріспе<br>Ауыз әдебиеті<br>Ежелгі дәуір әдебиеті<br>Шетел әдебиеті<br>Қазақ әдебиетінің тарихы<br>Қазіргі әдеби процесс | Қазақ әдебиетіндегі модернизм және постмодернизм<br>Көркем шығармадағы психологизм<br>Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері<br>Роман теориясы<br>Қазақ повесінің поэтикасы | Пәнді оқу нәтижесінде студент:<br>-әлемдік әдебиеттану ғылымындағы теориялық бағыттар мен мектептер, методологиялық ортақтастық мәселелері жөнінде жан-жақты түсінік қалыптасады;<br>-әдебиет теориясының философиялық, әдебиеттанушылық, педагогикалық, психологиялық, оқу-әдістемелік байланыстарын, негіздерін ажырата біледі;<br>-әдебиет теориясына қатысты зерттеу еңбектеріне ғылыми тұрғыда талдау жасай алады;<br>-әдебиет теориясына қатысты ой-тұжырымдарды, аксиомаларды өз ой-пікірлерімен ұштастыра біледі;<br>-көркем шығарманың құрылысындағы әдеби-теориялық ұғымдарды тани білуге төселеді;<br>-көркем шығарманы талдауда әдебиет теориясынан алған білімдерін шығармашылықпен пайдалана алу дағдыларын меңгереді. |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ізденіс бағытымен үйлестікте зерделеуге баулу, әдеби-эстетикалық, теориялық танымын қалыптастыруға ықпал ету.<br>Пәннің міндеттері:<br>-«әдебиеттануға кіріспеден» алған теориялық білімдерін толықтыру;<br>-әдебиеттану, эстетика, мәдениеттану салаларындағы өнерге қатысты жаңа концепциялармен таныстыру;<br>-әдебиет теориясына қатысты зерттеу еңбектерге талдау жасату;<br>-көркем шығарманың құрылымдық ерекшеліктерін танып-білуге баулу;<br>-әдеби-теориялық ұғымдарды өзіндік ерекшеліктеріне сай ажырата білуді меңгерту;<br>-әдебиеттің тарихи және теориялық ой-тұжырымдарын өзіндік ойларымен ұштастыра дәйектей білу дағдыларын дамыту;<br>-әдебиет теориясынан алған білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Көркем туынды. Әдеби | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | туындының ерекшеліктері мен функциялары<br>Көркем шығарма және оның құрылысы<br>Әдеби процесс | | | | | | |
| | AGN 4208 | Әдебиеттің ғылыми негіздері | Әйгілі әдебиеттанушылардың негізгі еңбектерін;<br>Көркем әдебиеттің өзіне ғана тән ерекшеліктерімен оның эстетикалық құрылымын;<br>әдебиеттануды оқытудың негізгі әдістерін;<br>әдебиеттанудың негізгі философиялық мәселелерін;<br>әдебиеттанудың өзекті мәселелерін шешу жолдары мен әдееби құбылыстарды анықтаудың жаңа әдістерін меңгері | | | | Әдебиет теориясы<br>Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі | Көркем әдебиет психологизмі<br>Қазіргі салыстырмалы әдебиеттанудың мәселелері | Қазіргі ғылыми-зерттеу мето дологиясы туралы әдебиет тегі жаңа бағыт, соңғы сарындар, ұлттық рухтың қазақ әдебиетінде көріну сипаттары. Сөз бостандығы ның көркем шығармашылық тағы көріністері. Поэзиядағы жанрлық өзгерістер. Қазақ поэзиясының өткені, кешегі сі, бүгіні және ертеңі туралы толғаныстар. Жыраулар поэ зиясындағы ұлттық рух мәселесі. |
| **6** | PR 4212 | Педагогикалық риторика | Педагогикалық риторика пәнінде шешендік сөздердің ежелден келе жатқан дәстүрлі сөз өнері екені айқындалып, олардың мазмұндық түрлері жіктелінеді.<br>Шешен сөйлеудің сыры, оған төселудің жолдары қарастырылады.<br>Шешендік сөздердің ежелден келе жатқан дәстүрлі сөз өнері екені айқындалып, олардың | 3 | 5 | 7 | Халық ауыз әдебиеті | Қазақ әдебиетінің тарихы | Шешендік сөздердің ежелден келе жатқан дәстүрлі сөз өнері екені айқындалып, олардың мазмұндық түрлері жіктелінеді. Шешен сөйлеудің сыры, оған төселудің жолдары қарастырылады.өз пікірлерін тұжырымдау дағдыларын қалыптастыра **білуі керек.**Сонымен бірге: шешен сөйлеудің өзекті мәселелерін; мәнерлеп оқу мен шешендік өнер; құрмалас сөйлемнің құрылымын; бөгде сөздің түрлерін; тыныс белгілерінің қойылатын орындарын **меңгеруі керек.** |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мазмұндық түрлері жіктелінеді. Шешен сөйлеудің сыры, оған төселудің жолдары қарастырылады. Интонация туралы жалпы түсінік. Фразалық және логикалық екпін Пауза (кідіріс). Сөйлеу ырғағы және темп. Сөйлеу техникасы. Әңгімелеу және мәнерлеп оқу. Тыныс. Дауыс.Дикция | | | | | | |
| | SSN 4212 | Шешендік сөздер негіздері | Шешендік сөздер – қоғам өмірінің сан саласында кездесетін терең ой, бейнелі шебер тілмен айтылған халық шығармашылығы, жекелеген тұлғалардың тапқырлығы. Пән аясында шешендік өнердің дидактикалық ерекшелігі түсіндіріледі. Жанр мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау сияқты салаларының табиғаты түсіндіріледі. Қазіргі заманғы шешендік өнердің сыры мен төселу жолдары қарастырылады | | | | Халық ауыз әдебиеті | Қазақ әдебиетінің тарихы | Шешендік сөздердің ежелден келе жатқан дәстүрлі сөз өнері екені айқындалып, олардың мазмұндық түрлері жіктелінеді. Шешен сөйлеудің сыры, оған төселудің жолдары қарастырылады.өз пікірлерін тұжырымдау дағдыларын қалыптастыра **білуі керек.** Сонымен бірге: шешен сөйлеудің өзекті мәселелерін; мәнерлеп оқу мен шешендік өнер; құрмалас сөйлемнің құрылымын; бөгде сөздің түрлерін; тыныс белгілерінің қойылатын орындарын **меңгеруі керек.** |

Зав.кафедрой _______________ Қ.Ө.Есенова